

Бекітетін:



«№37 Р.Қошқарбаев жалпы орта мектебі» КММ
мектеп кітапханашысы Мыңбаева К.
2022-2023 оқу жылының жылдық
талдауы

2022-2023 оқу жылы

Мектеп кітапханасының жұмысы
Жұмыс кестесі: дүйсенбі-жұма.
Оқырмандармен жұмыс уақыты: 9.00-18.00

Оқуға құштар мектеп жобасы аясында атқарылған іс-шара Ахмет Байтұрсынов жыл толуына орай «Ұлттың ұлы ұстазы» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Оқуға құштар мектеп жобасы аясында әр апта жума күні «20 минут» тәрбие сағаттары ұйымдастырылады оқу сағатының мақсаты мектеп мұғалімдерімен оқушыларды кіші қызметкерлерді және ата-аналар қазақ ақын жазушыларының шығармаларын оқуға насихаттау. «Букроссинк» деген іміз не? «Өзің оқып басқаға бер» сөзінің мағанасын түсіндіру және әр жұма сайын 20 минут кітап оқып 1 минут эссе жазу сағаттары ұйымдастырылды. М.Маметова 100 жыл толуына кітап көрмесі ұйымдастырылды. 16 желтоқсан ҚР Тәуелсіздік күніне орай көрме «Менің отаным Қазақстанан» кітап көрмесі. Оқуға құштар мектеп жобасы аясында «Отбасымен кітап оқимыз» мақсаты ата-аналардың баласына уақыт бөліп кітап беру оқуға қызықшылығын ояту. Іс-шара өткізілді. 5-6 сынып аралығында «Кітап алтын қазына» атты сайыс сабақ өткізілді. Кітапты сүйіспеншілікпен сыйлаңыз акциясы ұйымдастырылды акцияның мақсаты кітапхана қорын толтыру жастарды кітап оқу үшін оларды кітап оқуға тарту Акция аясында 10а сынып оқушылары кітапханаға кітап сыйлады. Оқуға құштар сынып жобасын 10 сынып оқушылар арасында Жюль Верн Он бес жасар капитан кітабын талқылады. 9 мамыр - Ұлы жеңіс күніне орай «Желбіре жеңіс жалауы» кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Кітапхана менгерушісі: *Мам* Мыңбаева К.

- Периодикаға жазылу жасалды.

Қормен жұмыс жүргізілді:

-Кітап қорының орналасуын тексеру және оны ББК кестеге сәйкес ауыстыру;

-Каталогтың ревизиясы;

-Оқырмандар формулярларымен жұмыс.

Есептермен жұмыс:

-Оқу қорының инвентаризациясы өткізілді.

Өзін-өзі жетілдіру бойынша жұмыс:

2021-2022 оқу жылдың мектеп кітапханасының жылдық жұмысын талдай отырғанда, келесі қорытынды шығаруға болады:

Мектеп кітапханасы жарты жыл бойы мұғалімдерге, сынып жетекшілерге көпшілік іс-шараларды, сынып сағаттарды өткізуге көмек көрсетілді. Әдебиеттің, сценарийдің, өлеңдердің таңдап алуы өткізілді; кітап көрмелері көрсетілді. Кітапхана кітап оқуды насихаттады. Жүйелі түрде кітап оқуға шақыруға тырысты, мерзімді басылымға қызығушылықты дарытты, оқырмандармен жұмыс жүргізілді.

Кітапхана жұмысы кітапхананың жылдық жоспарына сәйкес және мектептің 2021-2022 оқу жылға жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Кітап қорының жағдайы.

Кітапхананың жалпы қоры-11937 экз.

Оқулықтар саны-10131

Әдістеме-281

Дидактика-85

Эл. Оқулықтар саны-601

Көркем әдебиеттері-839 экз.

Көркем әдебиеттің қоры оқырмандарға ашық қолжетімді. Орналасуы жасына қарай жасалды (мектеп кітапханаларға арналған ББК кестелерімен сәйкес). Құнды әдебиет және жалғыз экземплярда бар кітаптар, пайдалану үшін жеке стеллажға орналастырылды.

Әдістемелік қоры 70 пайызға, бағдарламалық талаптарына сәйкес келмейтін оқу құралдар есептен шығарылды.

Оқулықтар қоры. Жаңа оқулықтар алынған және оқушыларға берілген. Оқулықтармен қамтамасыз етуге үлкен көмек кітапхана аралық абонемент көрсетілді

2022 жылдың желтоқсан айында мемлекеттік мекемеге бұйрықпен 2022 жылдың № 1, 10.10.2022 ж тағайындалған комиссия кәсіподағы комитетінің төрағасы Елемесов С., Журабекова У Шалабаев А мектептің кітапханашы Мыңбаева К құрамымен, кітапханадағы ескірген кітаптардың жағдайын, сыртқы көрінісін тексеріп, тізімделген оқулықтардың экземпляр саны -11689, құны-2042371 тенге есептен шығаруға жататынын шешті.

Оқулықтар жоғалмауы, жақсы сақталуы туралы оқушылар кітапханашымен абонементте, сынып сағаттарында оқырман балалармен сұхбат өткізілді. Оқулықтар сақталу бойынша жүйелі тұрғыда рейдтер өткізіліп тұрды.

Оқырмандармен жұмыс мазмұны және ұйымдастыруы.

2022-2023 оқу жылында оқырмандар белсенділігі орта көрсеткіштері сол деңгейі арты. Бұл көркем әдебиеттің қоры жанартылғартылғаны арқылы білінді. Мұғалімдердің жеке сұрақтары бойынша қанағаттандырылды. Педагогикалық ұжымды жаңа әдебиеттермен және әдістемелік ұйымдастырумен жүйелі түрде таныстырылып тұрды. Сынып жетекшілерге сабақтан тыс іс-шараларды және ата-аналар жиналысын өткізуге көмек көрсетілді. Мұғалімдерге жаңа әдебиеттермен таныстыру, «Ақпарат күні» шарасы ұйымдастырылып тұрды. Пән апталықтарына әдебиеттер таңдалып көмек көрсетілді. Мұғалімер арасында оқыту әдістемесі ойынша мерзімдік басылымдарға жазылу ұйымдастырылды. Кітапхана жұмысы кестесімен оқырмандарды таныстырылып жұмыс барысында жаңа оқырмандарға кеңес беру, кітап немесе оқулықтарға зиян келтірсе, жауапты екенін түсіндірілді. Оқырмандардың жас ерекшеліктерін ескере отырып арнаулы әдебиеттер ұсынылып отырылды. Белсенді оқырмандар бұл 1,2,3,4 сыныптардың оқушылары және 5,7 сыныптардың оқушылары. Жоғары сынып оқушылардан 10,11 сыныптар. Жоғары сынып оқушылары тек қана бағдарламалық шығармаларды алмай, тарихи әдебиетті, сыни тұрғыда материалды, қазіргі заманғы авторлардың кітаптарын алады. Бірінші сынып оқушылардың мектеп кітапханасымен танысуы дәстүр бойынша қыркүйек айында өтеді.

Ал қарашаның аяғында бірінші сынып оқушыларына салтанатты жазу өтеді, бірінші кітапхана сабағы «Мектеп кітапханасымен танысуы». Оқушылар «кітапхана», «кітапханашы», «кітап қоры» деген ұғымдармен танысады. Бұл сабақ өлеңдермен, жұмбақтармен қызықты және танымды болып өтеді. Оқырмандармен әрқашан жеке жұмыс жасалады. Оқырмандар мүдделерін және көзқарасын білу мақсатымен, жүйелі түрде сұхбаттар өткізіледі. Мұғалімдерді сабақ берудің әдістері жаңа педагогикалық технологиялар қызықтырады. Кітапхананың жиі қонақтары: гуманитарлық циклдың мұғалімдері және бастауыш сыныптардың мұғалімдері және басқалар. Олар жүйелі түрде сынып сағатын немесе түрлі тематикасымен тәрбиелік іс-шараларды өткізу үшін материал алуға келеді. Мысалы: «Ұстаздар күні», «Жаңа жыл» мерекесі, « ҚР Рәміздері » « Тіл мерекесі», « Елбасы күні», «16-Желтоқсан» және т.б.

Мектеп кітапханасы өз алдына келесі мақсаттарды қойды:

а) Түрлі тасымалдаушылармен мектептің кітапхана-ақпараттық ресурстарды пайдалану арқылы, білім беру процессінің қатысушыларына ақпаратқа, білімге, идеяларға, мәдени құндылықтарға қол жетімді болып қамтамасыз ету;

б) Мәдени және азаматтық өзін-өзі сананы тәрбиелеу, білім алатынға әлеуметтендіруде көмек, оның шығармашылық әлеуетін дамыту;

в) Кітапхананың тәуелсіз пайдаланушының дағдыларын қалыптастыру: ақпараттың іздеуіне, таңдауына және сын бағалауына оқыту;

г) Кітапхана-ақпараттық процессінің компьютерлендіру және жаңа ақпараттық технологияларды енгізу негізінде, кітапханамен берілетін қызметтерін жетілдіру. Кітапхана жұмысының басты міндеті: балаларды кітаппен ұтымды қабылдаумен жұмыс істеуді үйрету, материалдың талдауына, іздеуіне үйрету, оқу қызметінің ақпараттық қамтамасыз ету дағдыларын және білімдерін дарыту. Өзгерістерге тез шағылысуды үйрену, сыни тұрғыда ойлау, қажетті ақпаратты іздеу және өңдеу. Мемлекеттік бағдарлама бойынша оқушыларды оқыту және тәрбиелеуге көмек көрсетіп, мектеп кітапханасы оқушыларды жүйелі оқуға қатыстыру жұмысын жасады. Жыл бойы мектеп кітапхананың қоры сақталуы жұмысы өткізілді. Әдебиет насихатқа, адамгершілік, әскери-отаншылдық тәрбиесіне аударылды. Мектеп кітапханасы оқушыларды тұрақты өзін-өзі білімге дарытты, жауапкершілікті тәрбиеледі, мектеп бағдарламаларына көмек етіп, әдебиет насихатқа назар аударды. Оқушының кітап оқу мен білім алу қуанышын және әдетін, оқу мерзім бойы кітапханамен пайдалану мұқтаждығын дамытты және қолдады.

Кітапхананың әдістемелік жұмыс

Кітапхана жыл бойы мұғалімдерге, сынып жетекшілерге көпшілік іс-шараларды, сынып сағаттарды, пән апталықтарын өткізуге көмек көрсетілді. Әдебиеттің, сценарийдің, өлеңдердің таңдап алуы өткізілді; кітап көрмелері көрсетілді. Мектеп кітапханасы оқушыларды тұрақты өзін-өзі білімге дарытты, жауапкершілікті тәрбиеледі, мектеп бағдарламаларына көмек етіп, әдебиет насихатқа назар аударды. Оқушының кітап оқу мен білім алу қуанышын және әдетін және өмір бойы кітапханамен пайдалану мұқтаждығын дамытты және қолдады.

Кітап қорын және каталогын ұйымдастыру бойынша жұмыс.

Оқулықтармен жұмыс:

Қыркүйекте 2021-2022 оқу жылына оқулықтардың мектеп жинағы берілді. Мектеп қоры арқылы оқулықтармен қамтамасыз етілген орта пайызы 100 %.

-Уақтылы және ұйымдастырулы оқулықтарды тапсырылды;

**«№37 Қошқарбаев атындағы жалпы орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Тақырыбы:

«Кітап – алтын қазынам»



Кітапханашысы:

2022-2023 оқу жыл

Сабақтың тақырыбы: Кітап – алтын қазынам

Сабақтың мақсаты:

а) Оқушылардың оқулықтан алған білімдерін байқау.

ә) Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, ақыл-ойын, тілін дамыту.

б) Кітапты сүйеге, ғибрат сөздерден үлгі-өнеге алуға, кітапты құрметтеуге баулу.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, көрнекілік, талдау-жинақтау, өзіндік жұмыс.

Сабақтың көрнекілігі: «Кітаптар көрмесі» нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, шарлар, гүлдер.

Сабақтың түрі: Сайыс сабақ

Сабақтың барысы:

Кітапханашы:

Кіріспе: Құрметті ұстаздар және оқушылар. Бүгінгі 5-6 сынып оқушылары арасында өткізгелі отырған «Кітап – алтын қазынам» атты сайыс сабағына қош келдіңіздер!

Халқымыз өнер мен білімді қадірлеген. Бүгінгі таңда барлық адамзат алдында тұрған басты мақсат білімді ұрпақ тәрбиелеу. Ал ұрпақ білімді қайдан алады? Әрине, кітаптан. Кітапхана-білімнің күн шуағы десек, «Ізденсем, білсем» деген балаға кітапхананың есігі әрқашан да ашық. Ата-бабамыз кітапты ерекше ақылшы, ұстаз санаған. «Кітап-білім бұлағы, Білім-өмір шырағы» деген қанатты сөз қалдырған. «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» деп Абай Құнанбайұлы айтпақшы адам баласы үшін кітап – тілсіз тәрбиеші. Кітап адам баласына бала кезінен бастап өмірінің соңына дейін сырлас дос бола алады.

Сайысымыздың атынан белгілі болып тұрғандай қай оқушы кітапханамен жақсы қарым-қатынас жасайды, кім көп кітап оқығаны, кітап оқу арқылы кімнің білімі мен білігі артық екені анықталмақ.

Ендеше, мен бір жұмбақ жасырайын:

Бір сандық бар өзгеше,

Қолыңа алып жүресің.

Ішін ашып ақтарсаң

Өмір сырын білесің. (кітап)

Кітаптар бейне жапырақ,

Жырлайтын сырын өмірдің.

Оқисың кейде жаттап

Көтеріп күйін көңілдің.

Айдын - шалқар кейде бір,

Кітапты тұнған көл дерсің.

Ауадай қажет бейне бір

Татпасаң нәрін шөлдерсің.

Сайыс 5 кезеңнен тұрады. Оқушылар 2 топқа бөлінеді.

I топ – Кітапсүйерлер

II топ – Кітапқұмарлар



Әр топтың өнерін Әділқазы алқасы бағалайтын болады. (таныстырып өту)

Әр топтың өздерін таныстыруы. (бағаланбайды)

Кітапханашы:

Ал, келіндер, келіндер,
Дұрыс жауап беріндер.
Білімдерінді көрсетіп
Алға оза беріндер!

I кезең. «Білім көзі- кітапта» Бұл кезеңде қойылатын сұрақтарға жауап беру керек.

1 сұрақ 1 ұпаймен бағаланады.

I топқа:

- 1.Кітап күні қашан атап өтіледі? 2-сәуір
2. Мамыр айында қандай мереке күндері бар?
3. Қазақ даласына алғаш мектеп ашқан кім? Ы.Алтынсарин
4. Абай Құнанбаевтың туғанына неше жыл? 166 жыл
5. Қазақтың үш биін ата?



II топқа:

1. Қазақтың аңызына айналған батыры кім? Б.Момышұлы
2. Қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесіңдер?
3. Жыл атауынан құр қалған қандай жануар? Түйе
4. Қазақтың алғаш әліппесін жазған кім? А.Байтұрсынов
5. Ы.Алтынсариннің туғанына неше жыл? 170 жыл



Сауық кешке келейік,
Сөз маржанын терейік.
Кім көп білер екен деп
Мақал айтып көрейік.

II кезең. «Мақал-сөздің мәйегі» Бұл кезеңде гүлдердің артына жазылған мақалдардың жалғасын табу тапсырылады.

Жауап 5 ұпаймен бағаланады.

1. Оқусыз білім жоқ
Білімсіз..... (күнің жоқ)
2. Тіліңмен жүгірме,
Біліммен..... (жүгір)
3. Ғылым - теңіз,
Білім -..... (қайық)
4. Күш - білімде,
Білім - (кітапта)
5. Білекті бірді жығады,
Білімді (мыңды жығады)
6. Оқу-білім бұлағы
Білім (өмір шырағы)
7. Оқу - білім азығы,
Білім -..... (ырыс қазығы)

8. Кітап- ғылым,
Тілсіз..... (мұғалім)
9. Ақыл тозбайтын тон,
Білім..... (таусылмайтын кен)
10. Білім арзан,
Білу..... (кымбат)



Кітапханашы:

Білім сүйсең, кел күн сайын осында,
Кітап сенің айналады досыңа.
Талаптансаң үйренуге құмартып,
Келгін, жан дос, ізденейік қосыла.

III кезең. «Көңілді тапқырлар» Бұл кезеңде әр топ берілген сұрақтарға өзіне берілген әріптен ғана басталатын сөздермен жауап беру тапсырылады.

Жауап 5 ұпаймен бағаланады.

«А» дыбысы

Қала-

Өзен-

Ақын-

Сәндік бұйым-

Хан-

«Б» дыбысы

Ұлттық тағам-

Ат жарысы-

Әнші-

Батыр-

Сәндік бұйым-



Кітапханашы:

Кел, балалар, келіндер,
Қызық кітап көріңдер.
Қане, қарап шығындар
Сурет сырын ұғындар.
Білім бар да, оқу бар
Оқығанды тоқындар.

IV кезең. «Ойлан, тап» Бұл кезеңде жасырынған сурет арқылы сөздерді табу тапсырылады. **Жауап 5 ұпаймен бағаланады.**

Кітапханашы:

Өмір мәні өнер менен білімде,
Айтайықшы кітабыңды жыр ете.
Әрі ақылшың, рухани қазынаң,
Құнды байлық баға жетпес бұл өте.

V кезең. «Үй тапсырмасы» Бұл кезеңде әр топ өздері дайындап әкелген өнерлерін ортаға салады. **Жауап 5 ұпаймен бағаланады.**

Әділқазы алқасы ұпай қорытындысын шығарғанша көрермендерге жұмбақ жасыру.

Жапанда бір нәрсе бар аузы жабық,
Ашылар мезгілінде бауырын жазып.
Ішінде толып жатқан қазына бар,
Қорек қып пайдаланар тамам халық. (кітап)
Көлемі шағын, көп қыры,
Қолдан қолға өтеді.
Өмірдің талай мол сыры
Ішіне сыйып кетеді. (кітап)
Аппақ дала, қара дән,
Сепкен дәнін түсінуге жараған. (әріптер)
Қойған жерінде жатады,
Қолыңа алсаң өзіңе тіл қатады. (кітап)
Келгенше шамасы
Аямайды көмегін.
Бар адамзат баласы
Содан алар көмегін. (кітап)

Қорытынды:

Кітап көрмесіндегі кітаптармен таныстыру. Кітапты күтіп ұстаған оқушыларды үлгі ету.

Кітапханашы:

Білім іздесең,
Кітаппен таныс,
Еңбегің еш болмайды.
Ақыл іздесең,
Адаммен таныс,
Өнерің кеш қалмайды.

Кітапхана - білімпаздар мекені. Оқушылар кітапханаға келіп, кітап алып оқып, керекті тапсырмаларына дайындалады. Біздің кітапхана кішкене болғанымен атқаратын қызметі өте жоғары. Кітапханаға жиі келіңіздер, бірге ізденіп, бірге еңбек етейік. Кітапты қадірлейік, сақтайық, жан серігімізге айналдырайық.

Келес ауданының білім бөліміне қарасты №37Рақымжан Қошқарбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде "Оқуға.күншар.мектеп" жобасы аясында " Оқу сағаты "әр сәрсенбіде мектеп бойынша 20 минут оқу білімнің пайдасы туралы минуттық кітап оқу сағаты 8 _ә сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды С Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы» кітабынан Оқу сағатының мақсаты: Балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру Кітап оқуға, соның ішінде көркем әдебиеттерді оқуға қызығушылықтарын арттыру, кітап сүйспеншілікпен қарап, алдағы уақыттарда да,оқып жүруге ынталарын қалыптастыру

21.02.2024ж



Facebook әлеуметтік желісіне жарияланады

Мектеп директоры:

Н. Ашеев

Мектеп кітапханашысы:

К. Мыңбаева

№37 Рахымжан Қошқарбаев атындағы жалпы орта мектебі мемлекеттік мекемесі
«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы аясында «Біз оқыған бір кітап»
айдарымен «Педагог оқуға тиіс 105 кітап» атты педагогтар арасында өткен іс шара

Анықтама

Қыркүйек айында «Біз оқыған бір кітап» атты кітап талдауын ттағы да түсіндіріп
кету үшін мектеп кітапханашысы Мыңбаева К. Бейімбет Майлиннің «Шұғаның
белгісі» павесін талдады.

Паиестің фабуласы дәстүрлі: Кедейден шыққан Әбдірахман деген мұғалім жігіт
Есімбек деген байдың Шұға атты сұлу қызына ғашық болады. Жігітті қыз да
сүйеді. Бұл әрине, байларға ұнамайды. Олар жала жауып, Әбдірахманды амалсыз
босатады. Әбдірахман алып-ұшып, сүйікті Шұғасын көруге асығып келсе, қайран
ару жарық дүниемен бір жола қош айтысқан екен; оның өзіне жазып қалдырған
хатын оқып,көз жасы көл болады.

Мұның бәрі бүгінгі көзге белгілі оқиғадай, жатаннды тақырыптай болып
көрінгенімен, көркем прозасы әлі де қалыптасып үлгермеген заманда, тіпті
алғашқылардың бірі болып, жаңа, еуропалық үлгідегі проза жанырымен салған
жерден мұндай көлемді көркем дүние жазу – тек Б.Майлин секілді хас таланттың
ғана қолыннан келетін шаруа.



№37 Рахымжан Қошқарбаев жалпы орта мектебі мемлекеттік мекемесі

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 08.11.2023 өткізілген іс-шара туралы

Анықтама

Өткізілген орны: Мектеп кітапханасы «Оқуға құштар мектеп» бұрышы

Мақсаты: Өскелең ұрпақтың оқу сауаттылығын арттыру, кітап оқуға деген қызығушылығын ояту, оқу мәдениетін қалыптастыру, көркем шығармаларды насихаттау, кітапханаға келуші оқырман санын ұлғайту. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мен оқыған бір ертегі» атты бастауыш сынып оқушылары арасында байқау өтті.

Жыл басынан бері оқыған ертегі кітаптарының ішіненөздері ұнатқан ертегіні әңгілеп, айтып берді.

Ең үздік ертегі баяндаған оқушылар Хамрақ Санжар, Еркінбек Акнұр, Қаражан Айша, Ерғали Назерке екені анықталды.

Ал ең көп ертегі оқитындар Қоңыратбай Нұрислам, Канал Аяла, Әлібек Айзере, Камалбек Аксезім екені анықталды.



Facebook әлеуметтік желісіне жарияланды.

Мектеп директоры:

Кітапханашы:



Н. Ашеев

К. Мыңбаева